



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№22 (1935) 17 МАУСЫМ 2024 ЖЫЛ



бірігіп атқарған жұмысының арқасында мүмкін болды. «Үш индикатордың қосылуын ескере отырып, ҚазҰУ Қазақстандағы әлемнің ең үздік 200 ЖОО легіне енген жалғыз университет болды. Енді позицияларды нығайту міндеті тұр. Осы мақсатта департаменттер жоспарлау, іс-шараларды ұйымдастыру, индикаторларды толтыру бойынша қарқынды жұмыс істеуі керек. Бұл өте маңызды жұмыс, оны үнемі бақылауда ұстау қажет», – деп атап өтті университет басшысы.

2023/24 оқу жылының көктемгі семестрі емтихан сессиясының қорытындысы туралы Академиялық мәселелер департаментінің директоры Бақыт Рахымбекова абсолютті үлгерімі бойынша филология, халықаралық қатынастар, медицина және денсаулық сақтау, философия және саясаттану факультеттері көрсеткіштерінің жақсарғанын атап өтті.

Бұдан әрі QS WUR 2025 халықаралық рейтингінің қорытындыларын талдауға арналған презентацияны Стратегиялық даму орталығының директоры Нұрболат Құдайбергенов ұсынды. QS World University Rankings әлемдік рейтингіне 106 елден 5663 университет қатысты. Қазақстан QS WUR 2025-те 21 ЖОО-ны ұсынды.

Отырыс соңында университет қызметінің өзекті мәселелері талқыланды.

Гүл БАЯНДИНА

ҚазҰУ The Ir рейтингінде рекорд орнатты



Times Higher Education
Impact Rankings 2024

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тұңғыш рет қазақстандық ЖОО-лар арасында Times Higher Education University Impact Rankings – 2024 халықаралық рейтингінде Top 401-600 орынға ие болды. Халықаралық рейтингке әлемнің 1963 университеті енген.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттары Жер шарын қорғауға және халықтың денсаулығы мен әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталған.

Times Higher Education University Impact Rankings – 2024 рейтингі ғылыми зерттеулер, әлеуметтік бағдарламалар, ресурстарды басқару, университеттің білім берудегі үлесі бағыттары бойынша бағалау жұмыстарын жүргізді.

Өткен жылмен салыстырғанда биыл ҚазҰУ түрлі критерийлер бойынша көш бастады. Білім ордасы ТДМ-ның №5

«Гендерлік теңдік» бағытында 56-орынға, ал №7 «Қолжетімді және таза энергия» бағытында 68-орынға жайғасып, үздік 100-ге кірді. Оқу ордасы №12 «Жауапты тұтыну және өндіріс», №14 «Теңіз экожүйелерін сақтау» және №15 «Құрлық экожүйелерін сақтау» бойынша Top-200 ЖОО қатарына қосылды. №6 «Таза су және санитария» бағыты бойынша 100 позицияға жоғарылап, 201-300 орынға көтерілді. «Жақсы денсаулық және әлеуметтік әл-ауқат» бағытында 601-800 орын алып, 200 позицияға көтерілді.

Оқу жылының оң қорытындысы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесі отырысында университет 230-орыннан 163-орынға көтерілген QS WUR 2025 халықаралық рейтингі және 2023/24 оқу жылының көктемгі семестрі емтихан сессиясының қорытындылары талқыланды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ұжымды университеттің QS World University Rankings рейтингінде 230-орын-

нан 163-орынға көтерілген серпіліспен құттықтады. Мұндай нәтиже университеттің оқытушы-профессорлық құрамы, ғалымдары мен қызметкерлерінің

Орталық Азияның құқықтық қызметі сарапқа салынды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Құқық – аймақтық экономикалық интеграцияның негізі ретінде» тақырыбында ІІ Орталық Азия халықаралық құқықтық форумы өтті. Іс-шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және О.Е.Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң университеті бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шараның ашылу салтанатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев форум Орталық Азия елдерінде құқықтық қызметтерді көрсету саласындағы интеграция мен өзара іс-қимылды заңнамалық реттеудің өзекті мәселелерін талқылау үшін сарапшылардың, ғалымдар мен практиктердің күш-жігерін біріктіруге бағытталғанын атап өтті.

«Құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекеттің ма-

ңызды міндеті – қазіргі көппоярлы әлемде адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету, кепілдік беру және қорғау. Бүгінгі форумдағы пікірсайыс мемлекеттік құрылыстың өзекті мәселелерін шешуге елеулі үлес қосады», – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

Сондай-ақ онлайн форматта О.Е.Кутафин атындағы университеттің (МГЮА) ректоры Виктор Блажеев, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төра-



ғасы Игорь Рогов және т.б. сөз сөйледі.

Пленарлық отырыс аяқталғаннан кейін форум жұмысы тоғыз панельдік секция аясын-

да жалғасты. Екікүндік форумға қатысушылар тақырыптық баяндамалар жасады, онда әркім өз көзқарасын білдіріп, пікір алмасты. Шара аяқтал-

ғаннан соң, қонақтар Алматы қаласының көрікті жерлерін аралап қайтты.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

2-бет

Ғалымдар әзірлеген ғылыми жоба көп



4-бет

Студенттер әлеуметтік сауалнамаға қатысты



5-бет

Берік халықаралық байланыс



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Сингапурдағы Akhter Studios компаниясының өкілдерімен кездесу өткізді.

Делегация құрамында компания президенті Адмет Акхтер, компания негізін қалаушылардың бірі Шамиль Ахмедов және Дмитрий Нигодин бар.

Тараптар ғылыми жобаларды коммерцияландыру бағытында бірлесіп жұмыс істеу және серіктестікті арттыру бойынша мәселелерді талқылады.

Жүздесуде оқу ордасының басшысы ҚазҰУ ғалымдарының инновациялық жобаларын таныстырды. Жансейіт Түймебаев ынтымақтастықты арттыруға бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды. «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылымға көп көңіл бөледі. Білім ордасында ғалымдарымыз әзірлеген ғылыми жобалар жетерлік. Осы инновациялық жобаларды іл-

Ғалымдар әзірлеген ғылыми жоба көп




герілету, коммерцияландыру және маркетинг жұмыстарын жүргізу мақсатында ҚазҰУ базасында кеңсе ашуды ұсынамын. Бұл екі тараптың бірлесіп жұмыс атқаруына үлкен септігін тигізери сөзсіз», – деді ректор.

Өз кезегінде Akhter Studios компаниясының президенті

Адмет Акхтер университет басшылығына ризашылығын білдіріп, кеңсе ашу бойынша ұсынысты қолдайтынын жеткізді. Сондай-ақ Адмет Акхтер компанияның негізгі қызметіне тоқталып, жұмыс нәтижелерімен бөлісті.

Назерке АСХАТҚЫЗЫ



Ортақ зерттеу жұмысын орындаймыз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев итальяндық ғалымдар, профессор Марко Чекарелли және Матео Руссомен кездесті.

Жүздесуде тараптар серіктестікті арттыру бойынша өзара пікір алмасып, ұсыныстарын жеткізді.

Оқу ордасының басшысы меймандарды алдағы уақытта ҚазҰУ ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. «Қазіргі таңда жасанды интеллект, IT саласы қарқынды дамып келеді. ҚазҰУ-да білімді және түрлі бағытта тәжірибесі мол

ғалымдар жетерлік. Болашақта барлығыңыз бірге жұмыс жасасаңыздар, үлкен нәтижеге жетесіздер деп санаймын», – деді ректор.

Өз кезегінде Марко Чекарелли ілтисат білдіргені үшін ЖОО басшысына ризашылығын жеткізіп, көшбасшы университет зерттеушілерімен бірге жұмыс істеуге ерқашан дайын екенін айтты.

Тараптар кездесу соңында ынтымақтастықты дамытуға бағытталған барлық бастамаларды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ынтымақтастыққа ниеттеспіз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев СИБУР корпоративтік университетінің жобаларды дамыту бойынша басшысы Александр Сесоровты қабылдады.

Кездесу барысында тараптар химия және мұнайхимия саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективаларын талқылады.

Александр Сесоров Жансейіт Түймебаевқа полимерлер мен каучук өндірумен айналысатын Ресейдің ірі мұнай-газ химия компаниясы – СИБУР-дың қызметі туралы ақпарат берді. Одан кейін ҚазҰУ мен СИБУР университеті арасындағы серіктестікті дамытудың



негізгі мәселелеріне тоқталды.

«Біз Қазақстан ЖОО-ларымен, атап айтқанда ҚазҰУ-мен ынтымақтасуға ниеттіміз. Алдағы уақытта бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асырғымыз келеді. Өз тарапымыздан ҚазҰУ оқытушылары

мен студенттерін біздің кәсіпорындарда тағылымдамадан өткізуге қолдау білдіреміз. Сондай-ақ магистратурадағы білім бағдарламалары арқылы кадр даярлауға мүдделіміз. Цифрлық жобаларды жүзеге асыруда мол тәжірибеміз бар. Бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз», – деді Александр Сесоров.

Өз кезегінде оқу ордасының ректоры университет базасында химия және химиялық технология факультеті жұмыс істейтінін, қазіргі уақытта 21 мамандық және үш дайындық деңгейі бойынша 1500-ден астам студент оқитынын атап өтті.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев Александр Сесоровтың барлық бастамалары мен ұсыныстарына қолдау білдіріп, жемісті ынтымақтастық орнайтынына сенім білдірді.

Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев философия және саясаттану факультетінің студенттерімен еркін форматта кездесіп, әңгімелесті.

Сұхбат барысында оқу ордасының басшысы университеттегі соңғы жаңалықтармен таныстырып, ҚазҰУ-дың әлемдік QS халықаралық рейтингінде 163-орынға көтерілгенін айтты.

Сондай-ақ білім ордасының ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында «Фараби» заманауи обсерваториясы, Қытай-Қазақстан біріккен қашықтықтан зондтау зертханасы, Тұрақты даму мақсаттарының түрлі бағытын жүзеге асыруға арналған ғылыми зертханалар мен химия факультетінде «Farabi Chem

Ректор студенттермен еркін әңгімелесті



Science» кластері ашылғанын атап өтті.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев барлық жұмыстар мен бастамалар студенттердің игілігі үшін жасалып жатқанын

баса айтты. Ректор жастарды сапалы білім алуға және ел болашағы үшін аянбай еңбек етуге шақырды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Қытай БАҚ өкілдеріне баспасөз-туры ұйымдастырылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қытай БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз-туры ұйымдастырылды. Журналистер қалашықтағы бірқатар ғылыми орталықтар мен зертханаларды аралап, жұмысымен танысты.

Мақсат – университет жетістіктерін журналистер арқылы Қытай халқын ақпараттандыру, оқу ордасының ғылыми инфрақұрылымымен таныстыру.

БАҚ өкілдері алдымен Дәрілік өсімдіктерді ғылыми зерттеу орталығына барып, қызметімен танысты. Орталық директоры Жанар Жеңіс өндірістің негізгі мақсаты Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктерді зерттеу екенін айтып, атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндады. Сонымен қатар болашақта Қытай ғалымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын жобалар таныстырылды. Орталық соңғы үлгідегі құрылғылармен жабдықталған. Қазіргі таңда мұнда дәрілік өсімдіктерден жасалған биологиялық белсенді қоспалар

мен иммунитетті көтеретін фитошайлар өндіріледі.

Қытай журналистері сондай-ақ ҚазҰУ базасында ашылған Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалында болды. Олар география және табиғатты пайдалану факультетінде жаңадан ашылған «Қашықтықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасын аралап көрді.

БАҚ өкілдері ҚазҰУ ғалымдары мен студенттерден оқу ордасы туралы сұхбат алды. Дайындалған сюжеттер алдағы уақытта Қытай телеарналарынан көрсетіліп, әлеуметтік желілерде жарияланатын болады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Университеттің барлық факультетінде

Мен 1943 жылы 10 мамырда Қостанай облысының Урицкий ауданы Қараоба ауылында дүниеге келдім. 1960 жылы Қараоба қазақ орта мектебін күміс медальмен бітірдім. Мектепте математиканы жақсы көретінмін, 10-сыныпта оқып жүргенімде Қостанай қаласында бірінші облыстық оқушылар арасында математикалық олимпиада өтті, осы олимпиадаға қатысып, жүлделі орынға ие болдым.

Дәріс оқыдым



айтым ғой, бұлардың барлығы медаль иегерлері, қазіргі таңда үшеуі кандидаттық диссертация қорғаған әрі немере, шөбере сүйіп отырған сүйікті әжелер. Бүгінгі күнге дейін профессор Есентай Алшынбаева адал еңбек етіп жүр.

Үшінші курстан бастап бізде математикадан ауқымды түрде дәріс оқылды. Функционалдық талдау, математикалық физиканың теңдеулері, дифференциалдық теңдеулер, нақты айнымалылар функциялары теориясы, күрделі айнымалылар функциялары теориясы, осы пәндермен қатар, философия, саяси экономика, атеизм сияқты гуманитарлық пәндер орыс тілінде жүрді.

Біздің қазақ тобында Қазақстанның әр аймағындағы ауылдарынан жүрек қалауымен келген дарынды студенттер оқыды. Мен бірде ұстазымыз академик Құлжабай Қасымов ағаға: «Біз математикадан түрлі арнайы курстарды, сан алуан пәнді тыңдаймыз, бірақ есімізде ештеңе сақталмайтын сияқты, болашақта қандай маман боламыз?» – деген сауал қойдым, сонда ұстазымыз: «Университетте бес жыл оқып, дәріске қатысып, профессорларды тыңдағаныңыз сізге жеткілікті», – деп жауап берді.

Университетті бітіргеннен кейін түлектердің көбі Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында түрлі қызмет атқарып, кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. Біз механика-математика факультетінің 1965 жылғы түлектеріміз, әлі күнге дейін аралас-құраласпыз, өзімізге «Мехмат-60» деген чат ашып алдық. Курстарымыздың қатарында Қазақ ұлттық политехникалық зерттеу университетінің профессоры Ермек Хайруллин, есептеуіш-бизнесмен Тайтөлеу Төлтаев, Қазақ ұлттық университетінің профессоры Құрақбай Секеев, Қарағанды политехникалық университетінің профессоры Аман Жиенбаев, Алматы бизнес академиясының профессоры Есентай Алшынбаева, Алматы халық шаруашылығы университетінің доценті Батима Часакбай, Жетісу университетінің доценті Гүлжихан Нуриденовалар бар.

Механика-математика факультетін бітіргеннен кейін тұрмыс құрып, жолдамамен еңбек жолымды Павлодар қаласындағы №25 политехникалық мектепте мұғалім болып бастадым.

1968 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің «Есептеуіш машиналар» зертханасында математик-программист болып жұмысымды бастадым. Ке-

йін Есептеу математикасы кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы, қазір Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доцентімін. Қара шаңырақ қабырғасындағы еңбек өтілім – 55 жыл. Осы жылдары университеттің барлық мамандықтарына оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, программалау, ақпараттық технологиялар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, объектілі-бағытталған талдау және жобалау, информатика негіздері және есептеу техникасы, компьютерлік өңдеу курстарын оқып келдім, әлі де оқып жүрмін.

«Информатиканы оқытудың теориясы және әдістемесі» мамандығы бойынша педагогика ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғадым. 2003 жылы «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағына ие болдым.

Мамандығым бойынша 34 оқулық және оқу-әдістемелік құрал (оның 19-ы қазақ тілінде), 12 электронды оқулық (оның 6-уы қазақ тілінде) дайындадым. Бұл оқу құралдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кітапханасында тіркелген. «Ғылым», «Қазақ университеті» баспаларында және т.б. ҚР БҒМ ғылыми журналдарында, сондай-ақ шетелдік ғылыми басылымдарда 200-ден аса ғылыми мақала жарияланды.

2003 жылы тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстарым мен оның гүлденуіне қосқан зор үлесім үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасымен марапатталдым. 2014 жылы «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне – 80 жыл» мерейтойлық медалін кеудеме тақтым. 2018 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университетіне сіңірген еңбегі үшін» күміс медалмен марапатталдым.

Менің бүкіл саналы өмірім Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында өтіп жатыр. Алдымен студенттік өмірім осында өтті, одан кейін оқу ордасында қызметкер болдым, кейін ұстаздық еттім. Менің шәкірттерім Қазақстанның түкпір-түкпірінде әр салада қызмет атқарады. Өйткені мен осы университеттің барлық факультетінде өзімнің мамандығым бойынша «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргіземін. Балаларым мен немерелерім де менің жолымды қуып, осы мамандықтың иесі атанды. Ұлым мен келінім математика факультетінің түлектері, немерем Қазақ-Британ техникалық университетінің түлегі, IT маманы. Қазір шөбере сүйіп отырған әжемін.

Биыл қара шаңырақ ҚазҰУ-ымыздың 90 жылдық мерейтойын атап өтіп жатырмыз. Бұл күнге жеткен де бар, жетпеген де бар... Университет жұмысын, білім алушыларды мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын. Қара шаңырақ білім ордасының мерейі әрдайым үстем болсын, абыройы асқақтап, даңқы артсын!

Тыштық ХАКИМОВА,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының доценті, п.ф.к.

Еліміздегі сапалы білімнің негізгі аспектілерінің бірі – білімнің қолжетімділігі. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен тағайындалған шәкіртақы ЖОО-да түрлі әлеуметтік-экономикалық топтағы жастардың жан-жақты білім алуына мүмкіндік береді.

Сапалы білім бәсеке қабілеттілігіне кепіл



Бүгінде білім берудің жаңа инновациялық тәсілдерін дамыту арқылы білім саласына ерекше көңіл бөлініп отыр. Заманауи технологияларды, интерактивті әдістерді және цифрлық ресурстарды пайдалану жастар үшін оқу үдерісін тиімді әрі тартымды ететіні сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда ҚазҰУ-дың соңғы жылдардағы ізденісі ерекше. Мәселен, Экономика және бизнес жоғары мектебінде болашақ экономистерге арналған студенттердің «XXI ғасыр экономисі», «Инновациялық экономика» сияқты Экономика кафедрасының студенттік ғылыми үйірмелеріне қатысу, сондай-ақ жыл сайын өтетін халықаралық Фараби оқулары аясында студенттер мен жас ғалымдарға арналған «Әл-Фараби әлемі» атты халықаралық конференцияға қатысу мүмкіндіктері бар. Жоғары курс студенттері «Мен жастарға сенемін!» атты халықаралық форумға қатысып, онда өздерінің инновациялық жобаларын, стартаптарын ұсынып, өз ойларымен бөлісе алады.

Сапалы білімнің маңызды элементі ретінде табысты мансапқа қажетті дағдыларды дамыту күн тәртібінде тұр. Бұған тек техникалық және кәсіби білім ғана емес, сондай-ақ коммуникация, көшбасшылық, аналитикалық ойлау және командалық жұмыс сияқты soft skills дағдылары қажет. Сапалы білім беруде басқа да білім беру орындары, бизнес сектор және үкімет арасында серіктестік орнату да маңызды рөл атқарады. Бұл білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының қажеттілігіне бейімдеуге, жастарға кәсіби және жеке өсу мүмкіндігін қамтамасыз етуге көмек береді.



Білім беруді жүйелі дамыту еліміздің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, кез келген тұлға мен мемлекеттің табысты болашағын құруға лайық бөлсенді жастар тобын қалыптастыруға ықпал етеді.

Экономика және бизнес жоғары мектебі Экономика кафедрасының «Экономика» ББ бойынша 1-курс білім алушылары осы оқу жылында тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға қатысты көптеген шараларға қатысып, белсенділік танытып, Соның ішінде «Миллионерлер алаңы» интеллектуалды ойынына қатысқан Ә.Ділдәбек, Б.Сейтмұрат, Ж.Түйме, Ұ.Ғалымбек I дәрежелі диплом иеленді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» атты мақаласындағы ұлттық құндылықтарды жастар арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен республикалық байқауға қатысқан Кербез Тоғтарбай «ҚР Жастар саясатының үздігі» I дәрежелі дипломы, Әсия Ділдәбек «Қазақстанның үздік студенті» I дәрежелі дипломымен марапатталды. Бұдан өзге студенттеріміз ҚазҰУ-дың 90 жылдығына орай өткен «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясына қатысып, жеңімпаз атанды.

Гүлмира АНДАБАЕВА,
Э.ғ.к., доцент

Біздің QS рейтингіне қосқан үлесіміз

Білім мен ғылым ордаларының еңбектегі жемісі оқу жылының аяғында белгілі болады. Биылғы оқу жылындағы үлкен жетістіктеріміздің бірі – QS әлемдік университеттер рейтингіне қара шаңырақ оқу ордамыз – Қазақ ұлттық университеті 67 позицияға жоғарылап, 230-орыннан 163-орынға көтерілді. Бұл өте үлкен жетістік. Осы жетістікке География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының профессор-оқытушыларының қосқан үлесі де қомақты.

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасынан биылғы оқу жылында магистратура және докторантура бойынша төрт білім беру бағдарламалары: «География» (педагогикалық), «Геокеңістіктік қоршаған ортаны басқару», «Кадастр» және «Жерге орналастыру» мамандықтары стандарттарға сәйкес, халықаралық аккредиттенуден өтті.

Кафедра оқу жылы ішінде төрт халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді: 1) 23-24 қараша 2023 жыл. Университеттің – 90, кафедраның 75 жылдығына, сондай-ақ профессорлар А.Темірбеков пен Ш.Надыровтың мерейтойларына арналған «Тұрақты дамудың географиялық негіздері»; 2) 17-20 сәуір 2024 жыл. «Қалалардың тұрақтылығы: сын-тегеуріндер мен шешімдер»; 3) 18-20 сәуір 2024 жыл. «Түркі әлемі бірінші халықаралық география конгресі»; 4) 17-18 мамыр 2024 жыл. ҚазҰУ-дың 90 жылдығына және ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор Есбол Жамалбековтің туғанына 90 жыл толуына орай, «Топырақты қорғаудың және жер ресурстарын тұрақты пайдаланудың заманауи мәселелері».

Конференцияға алыс және жақын шетелдерден келген ғалымдар шақырылды, онда География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ғылыми жұмыстары мен көптеген ғылыми мәселелер талқыланды.

Инновациялық зерттеулер мен жаңа технологияларды жандандыру бағытында жаңадан ұш ғылыми-зерттеу зертханасы ашылып, жаңа техникалармен жарақтан-дырылды және заманауи үлгідегі техникалармен жабдықталған Есбол Үсімбекұлы атындағы аудитория ашылды. Осы аталған жұмыстарға жалпы көлемі 31 300 000 теңге тартылды.

Шетелдік университеттермен ынтымақтастықты кеңейту, академиялық ұтқырлық, әлеуметтік әріптестікті

дамыту саласында кафедраның аға оқытушысы, география ғылымының кандидаты Ә.Мылқайдаров Өзбекстан Республикасының Гүлстан мемлекеттік педагогикалық институтының әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінде және Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінде «Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы» пәні бойынша көшбасшылық дәріс оқып келді. Көшбасшылық дәріс Өзбекстан Республикасының «Сырдария» телеарнасында 30 мамырда (2024) көрсетілді.

Еліміздегі табиғи жағдайға байланысты Санат Саяхметұлы «Қазақстандағы су тапшылығы: себебі мен салдары» атты тақырыпта «Ойталқы» бағдарламасында ғылыми тұжырымдар жасады. Жалпы, кафедра ұжымы БАҚ пен сайттарда 200-ге жуық материал жариялады.

Кафедра профессор-оқытушылары білім мен ғылымның дамуына үлес қоса отырып, студенттердің тәрбиелік жұмыстарын да қатар жүргізіп, университет, республика деңгейінде көптеген куратор сағаттарын өткізді.

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы профессор-оқытушыларының осындай ауқымды жұмыстарының ұйымдастырылуы осы оқу жылында кафедра меңгерушілігіне тағайындалған география ғылымының кандидаты, доцент Айгүл Абдуғаппарқызының зор ұйымдастырушылық қабілетімен ұштасып жатыр.

Қазақ ұлттық университетінің QS әлемдік университеттер рейтингінде 163-орынға көтерілуі бәріміз үшін ерекше мерей. Осы жетістікке аз да болса өз үлесін қосқан әріптестерімізді құттықтаймыз! Алдағы уақытта бұдан да жоғары жетістікке қол жеткізетінімізге сенім артамыз.

Әлім ТӨЛЕКҰЛЫ,
география
ғылымының кандидаты


Механика-математика факультеті Механика кафедрасының 1-4 курс студенттері арасында білім алушылардың әлеуметтік жағдайларын білу мақсатында анонимді түрде сауалнама жүргізілді. Механика кафедрасында механика, ғарыштық техника және технологиялар, робототехникалық жүйелер білім беру бағдарламалары бойынша 200-ден астам студент білім алуда. Оған 180 студент жауап берген.

Студенттер әлеуметтік сауалнамаға қатысты

Сауалнамада студенттердің білім алып жатқан мамандығын таңдау себебі, білімі мен үлкен шаһардағы тұрмыстық жағдайлары қамтылды.

Ең алдымен студенттердің механика-математика факультетінде оқу үлгерімдерін анықтау мақсатында қандай мектептің түлегі екені анықталды.

Сіз қандай мектептің түлегісіз?




- жалпы білім беру мектебі/общееобразовательная школа
- мамандандырылған физика-математика лицейі/специализированный физико-математический лицей
- арнайы тереңдетіл білім беретін мектептер (НЗМ, БИЛ, дарынды балаларға арналған мектеп және т.б.)/специальные школы с углубленным изучением (НИШ, БИЛ, школа для о...

Бұл диаграммадан Механика кафедрасы студенттерінің 81,1 пайызы жалпы білім беретін мектептің түлегі, 10 пайызы тереңдетіліп білім беретін мектеп және 9 пайызы мамандандырылған физика-математика лицейінің түлегі екенін көруге болады.

Келесі диаграммадағы сұрақ студенттердің оқуға түсу үшін қандай дайындық жүргізілгендігін анықтау мақсатында қойылды.

Жоғары оқу орнына түсу үшін қандай дайындық жүргіздіңіз?




- қосымша оқу орталықтарында дайындалдым/подготовился(ась) в учебных центрах дополнительного образования
- дайындық мектепте жүргізілді/подготовка велась в школе
- өз бетіммен дайындалдым/готовился(ась) самостоятельно

Суреттен көргеніміздей, көпшілік студент (54,4 пайыз) қосымша оқу орталықтарында дайындалған. 16,1 пайызы дайындықты мектепте жүргізген. Ал 29,4 пайыз студент мектепте алған білімі мен өз бетінше дайындығының көмегімен грант иегері атанған.

Оқып жатқан мамандықтарын таңдау себебін анықтау үшін мынадай сұрақ қойылды.

Оқып жатқан білім беру бағдарламасын (мамандықты) таңдау себебіңіз




- шектік балға жеткендіктен түстім/поступил(а) по проходному баллу
- мамандық туралы бұрыннан білемін, өз таңдауым/про специальность знаю давно, свой выбор
- танысым ұсынды/рекомендовал знакомый
- ақпарат көздерінен (әлеуметтік желілер) білдім/узнал(а) из источников информации (социальн...

Студенттердің 35 пайызы мамандықты өз қалауымен, ал 27 пайызы мамандыққа түсу үшін берілген шектік балға жеткендіктен түссе, қалған 37 пайызы мамандықты ақпарат көздері және таныстарының ұсынысымен таңдаған.

Университет қабырғасында оқып жүріп, таңдаған мамандықтары туралы қалыптасқан ойын білу мақсатында қойылған сұрақтың нәтижелері төмендегі диаграммада көрсетілген. Диаграммада 55 пайыз студент мамандықты таңдаудан қателеспегенін, ал 17 пайызға жуығы таңдаудан қателескенін байқауға болады. Ал 28,3 пайыз студент жоғары білім алу мақсатында ғана таңдау жасағанын көрсеткен.


Мамандықты таңдаудан қателестім деп ойлайсыз ба?



- иә/да
- жоқ/нет
- жоғары білім алсам жеткілікті/достаточно получить высшее образование

Студенттердің оқумен қатар, қосымша жұмыс істеу себебін білу мақсатында төмендегі суретте көрсетілген сұрақ қойылды.

Оқумен қатар, жұмыс жасайсыз ба?




- жоқ, жұмыс жасау қажеттілігі туындамады/нет необходимости работать
- жоқ, оқу мен жұмысты қатар алып жүру қиындық тудырады/нет, трудно совмещать учебу и работу
- иә, қаражаттың жетіспеушілігінен жұмыс жасаймын/да, работаю из-за нехватки денежных средств

Студенттердің 27 пайызы оқу мен жұмысты қатар алып жүру қиындық тудыратындықтан жұмыс істемейтінін, 40 пайызы қаражаттың жетіспеушілігінен жұмыс істеуге мәжбүр екенін көрсеткен.

Оқуды аяқтағаннан кейінгі жоспарын білу мақсатында мынадай сұрақ берілді.

Оқуды бітіргеннен кейінгі жоспарыңыз?




- магистратураға түсу/ поступление в магистратуру
- мамандық бойынша жұмыс жасау/ работа по специальности
- шетелдік университеттерге түсу/ поступление в зарубежные универс...
- басқа салада жұмыс жасау/ работа в другой сфере
- екінші жоғары білім алу/ второе высшее образование

Жауап берген студенттердің 45 пайызы оқуды жалғастырып, магистратураға және 17,8 пайызы шетелдік университеттерге түсуді жоспарлағанын көруге болады. 13 пайызға жуығы басқа салада жұмыс істеп, екінші жоғары білім алуды жоспарлаған. Бұдан көпшілік студенттің мамандығының маңызын түсініп, білімін шыңдай түсуге ұмтылғанын байқай аламыз.

Қорыта келе, таңдаған оқу орны мен мамандығына қатысты студенттердің болашақ абитуриенттерге қандай кеңес беретінін білу мақсатында соңғы сұрақ қойылды.

Сіз қазіргі өзіңіздің әлеуметтік жағдайыңызға қарай болашақ абитуриенттерге қандай кеңес берер едіңіз?



- механика-математика факультетін...
- жатақхана бәріне беріле бермейтін...
- Алматы арзан қала емес екенін еск...
- Барынша ортаңыздан қалмай шың...
- Механика-математика факультетін...
- Осының барлығы
- Рр
- Мамандықты таңдаған кезде сіз таң...

Студенттердің 74,4 пайызы «Механика-математика факультетінде оқу оңай емес, сондықтан біліміңізге сенімді болсаңыз ғана түсіңіз» деген нұсқаны таңдаған. 14 пайызға жуығы жатақхананың жетіспеушілігінен, 5 пайызы Алматы арзан қала емес екенін ескеруіне кеңес берген. Кейбір студенттер жауап нұсқасынан бөлек, жеке кеңесін жазған. Соның ішінде мамандықты тек грант үшін таңдамау керектігін айтса, кейбіреуі ортадан қалмай, шыңдалып, аталған факультетте оқуға кеңес берген.

Жоғарыдағы сауалнама нәтижесі студенттердің әлеуметтік жағдайын білуге және талдау жасауға мүмкіндік береді.

Әсел ИСМАИЛОВА,
Механика кафедрасының
аға оқытушысы

2018 жылдың 15 қаңтарында құрылған Жасанды интеллект және Big Data кафедрасы ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар факультетінің ең жас кафедрасы. Кафедраның ашылуына Қазақстанды цифрландыру, атап айтқанда жасанды интеллект пен үлкен деректер технологияларын енгізуге қабілетті мамандар санын арттыру міндетін қойған мемлекеттік тапсырма ықпал етті.

Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруда серіктестікті дамытуды көздеп отырған оқу ордасында көптеген Top-100 университеттерінен шетелдік профессорлар мен ғалымдарды дәріс оқуға шақыру ерекше дәстүрге айналды. Жасанды интеллект және Big Data кафедрасының қызметкерлері ынтымақтастықты бастаған алғашқы шетелдік профессорлардың бірі – Португалия мемлекеттік университетінің ISCTE – Instituto Universitário de Lisboa (ISCTE-IUL) профессоры Октавиан Адриан Постолаке (Octavian Adrian Postolache). Профессор 2019 жылы Erasmus+ ACM академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында ҚазҰУ-да болды. Октавиан Адриан Постолаке – Ғылым және ақпараттық технологиялар департаментінің профессоры, ISCTE – Instituto Universitário de Lisboa институтының (Лиссабон, Португалия) ақпараттық ғылым және технологиялар саласындағы PhD бағдарламасының директоры, Телекоммуникациялар институтының (Лиссабон, Португалия) бақылау және өлшеу техникасы тобының бас ғылыми қызметкері.

Октавиан Адриан Постолаке ҚазҰУ-ға келгендегі әсерімен бөлісті.

Берік халықаралық байланыс



қолданбалы ЖИ-мен байланысты халықаралық деңгейде танылған зерттеуші және жетекші профессор Мәдина Мансұрованың біздің Iscte-Instituto Universitario de Lisboa, Instituto de Telecommunication институтының жас және аға ғылыми қызметкерлері қолдаған идеяларын айту өте маңызды. Осы ғылыми-зерттеу орталығының, сондай-ақ ғылым және ақпараттық технологиялар саласындағы докторлық бағдарламаның директоры ретінде мен ISCTE-IUL және ҚазҰУ-дың зерттеу жұмыстарына жоғары мүмкіндіктер беретін жаңа кешенді жоба аясында ғылыми-зерттеу және дидактикалық ынтымақтастығымызды дамытуға қызмет етудемін, – деп сөзін қорытындылады.

Профессор Октавиан Iscte-IUL мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақ-

IST-University of Lisbon, Лиссабон, Португалия). Профессор Октавианның ғылыми жобалары мына тақырыптарды қамтиды: smart датчиктер, сымсыз сенсорлық желі және заттар интернеті, талшықты-оптикалық сенсорлар және олардың порттар мен келікте қолданылуы, температура, дірілді, күшті өлшеуге арналған бірмодты және көпмодты талшықтар негізіндегі талшықты-оптикалық Брэгг торлары бар сенсорлар, интеллектуалды жүйелер үшін машиналық оқыту және жасанды интеллект, smart үй және smart денсаулық сақтау үшін кеңейтілген және виртуалды шындық, денсаулық сақтау үшін терең оқыту және үлкен деректерді талдау. Ол FCT SmartLife «Күнделікті өмірге арналған ақылды сенсорлық жүйелер» (2020), WeHope – Wearable e-health «Талшықты оптикалық мониторинг жүйесі» (2017-19 жж.), «NANO-IMUNELCHIM-PLAT – медициналық қауіпсіздікпен және қоршаған ортаны қорғаумен био-және иммуно-маркерлерді электрохимиялық анықтау және сандық бағалау үшін наносенсорлары бар платформаларды әзірлеу арқылы ғылыми-зерттеу қызметінің диверсификациясы» (2016-20), «Интеллектуалды сенсорлар және физиотерапияға арналған мамандандырылған орта – PTDC/DTP-DES / 6776/2014» (2016-19 жж.) жобаларының бас ғылыми қызметкері. Профессор А.Постолаке ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысады, Scopus базасында 444 мақала, h-index (Scopus) – 34, Web of Science базасында 152 мақала, h-index (WoS) – 19, h-index (Google Scholar) – 34.

ISCTE – Instituto Universitário de Lisboa университетінің академиялық ұтқырлық бағдарламасы және ISCTE мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастық туралы келісім Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың екі докторантына бес айлық тағылымдамадан өтуге мүмкіндік берді.

2022 жылы ISCTE университеті 2023-25 жылдарға академиялық ұтқырлық жобасы бойынша тағы да қолдау алды. Осы жылы ҚазҰУ оқытушыларының және докторанттарының ISCTE университетінде жаңа тағылымдамалары, сондай-ақ Лиссабон профессорларының сапарлары жоспарлануда. Осы күнге дейін профессор Октавиан Постолаке кафедра докторанттарына «Ғылым және ақпараттық технологиялар саласындағы ғылыми жобаларды басқару», «Медицинадағы қолданбалы электротехника және электроника» пәндерінен білімі мен тәжірибесін аямай дәріс оқып келеді. Профессор Октавиан Постолакемен және оның зерттеу тобымен жемісті ынтымақтастығымыз жалғасады деп үміттенеміз.

Мәдина ЕСІМХАНҚЫЗЫ,
Жасанды интеллект және Big Data кафедрасының меңгерушісі, ф.-м.ғ.к., доцент

OUR GRADUATE

Utegalı Kadyrgalievich was born on March 8, 1939, in the village of Azgir, Kurmangazy district, Atyrau region. He is an economist with a Ph.D. in Economics (1979) and has been a professor since 1980. He has also been a full member of the International Academy of Informatization since 1995, the Academy of Social Sciences of the Republic of Kazakhstan since 1997, the International Economic Academy of Eurasia since 1998, and the Russian Academy of Natural Sciences since 2014. He is currently a professor at the National Academy of the Republic of Kazakhstan.

Professor Utegalı Shedenov



Professor Shedenov graduated from the Kazakh State University named after S.M. Kirov (now known as KazNU named after Al-Farabi) in 1961 and completed postgraduate studies at the Russian University of Economics (formerly known as the Plekhanov Moscow Institute of National Economy) in 1965. He defended his Ph.D. thesis in the same year and has since then made significant contributions to the field of economics. After graduation, he worked as an assistant, senior lecturer, associate professor, and dean of the Almaty Institute of National Economy (now Nakhchivan State University), from 1965 to 1978. He was also the head of a scientific group at the Ministry of Higher Education of the Kazakh Soviet Socialist Republic at the Almaty Institute. From 1966 to 1978, he served as the head of the educational department and rector of the Higher Economic School of the Almaty City Committee and regional party committee for senior officials. From 1979 to 2002, he was head of the Department of Political Economy and Economic Theory at Akhmet Yassawi University, Kazakh State Institute of Agriculture, and Kazakh National University named after Al-Farabi. During this time, he also served as the first deputy chairman of the Council for the Study of Productive Forces at the Academy of Sciences of Kazakhstan. From 1985 to 1989, he headed the department and was involved in the study of productive forces. For many years, he was a

chairman of the Audit Commission at the «Knowledge» Society of the Kazakh Soviet Socialist Republic. From 1995 to 2002, he served as the head of the Department of Economic Theory and Deputy Director of the Institute for Economic and Legal Studies at Al-Farabi Kazakh National University. Since the fall of 2002, he has been a professor in the departments of Economic Theory, Management, and Marketing at the Higher School of Economics and Business at KazNU.

The total experience of the scientific and pedagogical activity of Professor U.K. Shedenov is 64 years. During this time, he has dealt with various aspects of macro and micro-economic theory, as well as the service sector, consumer goods, and the infrastructure of society. Through extensive research and teaching, Professor Shedenov has become a well-known figure in the Republic and abroad. He has enriched science with new and promising directions at different stages of Kazakhstan's economic development. During the period of transition to market relations, he conducted original theoretical research on the transformation of the economy. Professor Shedenov's dedication to science and education is unparalleled. He has given all his strength, talent, and abilities to these fields. Today, he is a member of the Presidium of the Plenum of Veterans of the Bostandyk District and the Chairman of the Veterans' Organization at KazNU.

Nurbek NURZHAN



– Менің ойымша, Iscte-IUL мен ҚазҰУ арасында айрықша ынтымақтастық қалыптасқан. Ғылым мен техниканың өзекті тақырыптарында, мысалы, smart сенсорлар, IoT жасанды интеллект технологияларын экономиканың түрлі салаларында қолдану сияқты өзекті тақырыптарда бірге жұмыс істейтін профессорлар мен зерттеушілер арасындағы тығыз байланысты ескере отырып, екі университет арасындағы үш жылдан астам ынтымақтастықты жемісті деп санаймын. Технологиялар мен денсаулық сақтау қызметтеріне қатысты инновациялық шешімді бірлесіп құрастыруға және енгізуге ерекше қызығушылық танытылды. Бүгінгі таңда ҚазҰУ студенттері португалдық зерттеушілердің бірлескен жетекшілігімен PhD ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындап жатыр. Сондай-ақ ҚазҰУ профессорларының, атап айтқанда

тастық негізінде Қазақстанға жылына кем дегенде бір рет келіп тұрады. Университетіміздің жетістіктерімен танысып, тәнті болғаны сонша – әлі де ынтымақтастығымыз берік, біздің жас мамандарымыз бен докторанттарымызға бағыт-бағдар беріп, жұмысын жалғастырмақ ниетін білдірді.

Доктор Октавиан Постолаке 1999 жылы «Gh. Asach» Яссы техникалық университетінде «Электротехника-метрология» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. 2000-2004 жылдары «Қоршаған ортаның мониторингіне арналған үлестірілген жабдық» мамандығы бойынша постдокторантурада оқыды (IST-University of Lisbon, Лиссабон, Португалия). 2016 жылы «Денсаулық сақтау үшін бейтарап зондтау және кешенді есептеулер» тақырыбы бойынша хабилизацияны өтті (Habilitation,

Мен ҚазҰУ-дың механика-математика факультеті «Математика» мамандығының 1-курс магистрантымын. ЖОО-ға жоғары сапалы білім беріп, болашақ мықты математиктер тәрбиелеуді мұрат еттім. Бұл мақсатыма жету үшін маған математикалық білім ғана емес, педагогикалық білім мен қабілет те керек екені анық.

Біз осы оқу жылының екінші семестрінде «Жоғары мектеп педагогикасы» атты жаңа курс сабағын бастадық. Оқытушымыз педагогика ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Сараш Қоңырбаева болды. Курста біз «педагогика» ұғымының анықтамасынан бастап, ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі, имиджі, оның негізгі қызметі, жалпы дидактика мәселесіне дейін толық талдап шықтық. Әрбір дәріс мен үшін өте қызықты өтті. Лектор дәрісті теориялық түрде ғана түсіндіріп қоймай, өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып жүргізді. Бір-сарынды, тек презентация оқып өтетін дәрістерге қарағанда маған ерекше әсер қалдырды.

Оқытушымыз тіл тазалығына да аса мән береді. Бұл, әрине, үлкен аудиторияға ғылыми

ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті қоғамдық-әлеуметтік, гуманитарлық мамандарды даярлаудың озық үлгісі. Факультеттегі Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы өрелі білім мен өнегелі тәрбиені ұштастырған тарихы терең тағылымымен ерекше мәнге ие. Кафедра қызметінің басты бағыты – педагогикалық білім алушы студенттердің теориялық білімін практикалық бағытпен ұштастыру, рухани-адамгершілік қасиеттерін ізгілікті педагогика шеңберінде дамыту.

Кафедра университеттің педагогикалық мамандықтарын жаппай қамтамасыз етуден бастап, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «Педагогика және психология», «Білім берудегі менеджмент» мамандықтары бойынша бакалавриат, магистратура, PhD докторантура – үш сатылы жүйеде жұмыс істеп келеді. Кафедраны елімізге танымал ғалым Н.Әлқожаева басқарады. Оқытушы-профессорлар құрамында ғылым докторлары, кандидаттары және PhD докторантуралық қызмет етеді. Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы білім саласының кәсіби мамандарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оның функцияла-

Шебер ұстаз қабілетімізді шыңдады

математиканы түсіндіретін болашақ лектор-математиктер үшін өте маңызды.

Біздің әр семинар сабағымыз да қызықты өтті. Тақырыпқа жүйелі талдау жасап, ойымыз бен тұжырымымызды ашық және нақты жеткізуді үйрендік. Оқытушымыз өзіміз үшін кішігірім блокнот арнап, оған авторлық тұжырымдарымыз бен қанатты сөздерді жазып жүруімізді ескертті. «Кейін мақала жазғанда немесе ғылыми еңбектеріңізге пайдаланасыздар» деді. Бұл шынымен біз үшін әсерлі болды. Тіпті арамызда ақындық қабілеті бар, сөзге жүйрік, тілге шешен магистранттар табылып жатты. Біз техникалық бағытта оқығандықтан, мұндай жұмыстар басында бізге таңсық көрінетін. Бірақ уақыт өте келе қандай мамандық иесі болсын, оның бойында жүйелі ойлау қасиеті болуы керек екенін түсіндік.

Осы күнге дейін өткен сабақтардан оқытушының айтқанынан анық есімде қалған бір сөзі бар: «Қазір жастардың көбі болашақ мамандығын ақшалы қызметпен байланыстырады. Бұл да бір жағынан дұрыс шы-



ғар, бірақ, менің ойымша, қандай мамандық болсын оны таңдар алдында «мен осы мамандықтың иесі болсам, қоғамға қандай пайданды тигізе аламын» деп ойлауы керек». Шынымен, «жалақысы жоғарылады» деп мұғалімдікті таңдап, сабақты бос сөзбен өткізіп жүрген оқытушылар қаншама... Педагог болу арқылы тұтас елдің, қоғамның болашағына ықпал етесің, ұрпақ тәрбиесіндегі рөлің артады. Ал бұл үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Кезекті бір лекцияда Сараш апайымыздың: «Ұстаз атану –

бөрінен де биік мәртебе. Өз мамандығыңды сүймесең, нағыз ұстаз деген атақты алуың екіталай», – деген сөзі мені ерекше толқитты. Неге біз Ахмет атаманды «ұлт ұстазы» дейміз? Ол зобалаң заманда да саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған жоқ па? Халқына, елі мен жеріне деген жанашырлықтың лебі шығармаларынан ақ көрініп отыр ғой.

Көптеген магистранттар осы сабақтың арқасында іштей потенциалын аша алғандарын айтты. Мысалы, Нұрғали есімді группаласым өзінің ау-

дитория алдында сөйлеу қорқынышынан арылғанын, бұрынғыға қарағанда өзіне сенімді бола бастағанымен бөлісті. Әмина атты группаласым сөйлеу мәнерінің дұрыс-талғанын, «паразит» сөздерден құтылып, ойын ашық ері нақты жеткізу қабілетінің ашылғанын қуанышпен жеткізді. Старостамыз Жасминнің өлең жазу талантын қайта ашқанына куә болдық. Ал білім беру орталықтарында жұмыс істейтін магистранттар дәрісте айтылған лайфхактарды қолданысына енгізіп, нәтиже көре бастағанын жарыса айтты. Оның ішінде мен де бармын. Өз жұмысымда оқытушымыз семинарда қолданған әдістеме мен технологияларды қолданып, пайдасын көрдім.

Бұл курс маған тек жоғары мектеп педагогикасын үйретіп қана қоймай, ұлтқа, елге деген махаббатымды оятты. «Адамның адамшылдығы – жақсы ұстаздан» демекші, оқытушым Сараш Сахиқызына берген білімі мен педагогикалық мәдениеті, бөліскен жақсы идеялары үшін алғысымды айтамын. Бұл ұлттық тәрбие мен педагогикалық шеберлік ұштасқан нағыз жүйелі білім болды. Алдағы педагогикалық қызметімізге бетбұрысымыз бен сеніміміз айқындала түсті. Жақсы ұстаз атансақ, арман не?!

Әтипа ЕСБОЛАТ,
магистрант

Әлеуметтік педагог – тұлға тәрбиелеуші маман

рына педагогика саласындағы теориялық білімді беру ғана емес, болашақ мұғалімдердің басқару дағдыларын дамыту да кіреді.

Педагогика кафедрасында студенттер оқыту әдістемесі, дамыту психологиясы және білім берудегі инновациялық тәсілдер туралы білімдерін тереңдетуде. Бұл кафедра білім саласына жоғары білікті мамандарды даярлауда басты рөл атқарады. Оның жұмыс саласы педагогиканың теориялық аспектілерін де, оқу орындарындағы басқару принциптерін де қамтиды.

Кафедрада «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы оқытылады, осы мамандық бойынша үздік мамандар даярлауда елеулі үлес қосуда. 1991 жылы елімізде әлеуметтік педагог қызметінің енгізілуі кездейсоқтық емес. Өйткені әлеуметтік жұмыстың кәсіптік деңгейге көтерілуі – маңызды мәселе.

Әлеуметтік педагогика салауатты қоғам қалыптастыруда басты рөл атқарады. Қоғамның күш-жігерін әлеуметтік осал топтарға көмектесуге бағыттайды. Бұл мамандық педагогикалық және әлеуметтік ғылымдардың синтезін қам-



тиды, тек толық білім беруге ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуге көмек беруге ұмтылады.

Әлеуметтік педагогтің негізгі міндеті – жеке тұлғаның үйлесімді дамуына жағдай жасау. Ол түрлі санаттағы адамдармен жұмыс істейді: ерекше қажеттіліктері бар балалардан – қиын өмірлік жағдайдағы жасөспірімдерге дейін. Әлеуметтік құзыретті мұғалім білім беру әдістерін әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдей алады.

Әлеуметтік педагогика сонымен қатар әлеуметтік дағдылар мен жауапкершілікті дамытуға бағытталған. Мек-

тептерде, көмек орталықтарында және басқа да әлеуметтік мекемелерде жұмыс істей отырып, әлеуметтік педагогтер білім мен әлеуметтік мәселелерді шешу арасындағы көпірге айналады. Олар балалар мен жастарға сыни ойлауды, төзімділікті және құрметтеуге көмектеседі. Дегенмен бұл саладағы мамандар жиі қиындықтарға тап болады. Отбасындағы қиындықтар, кедейлік немесе психологиялық проблемалар тиімді әлеуметтік педагогикаға кедергі болуы мүмкін. Десе де, бұл мамандықтың маңыздылығы мен құндылығы осы қиындықтарды жеңуде.

Әлеуметтік педагогика – бұл

кәсіп ғана емес, сонымен бірге адамдарды қиындықтарды жеңуге және жақсы өмірге ұмтылуға шақыру. Ол қамқорлық, шыдамдылық және түсіністікті біріктіріп, бұл саланы әрбір жеке тұлғаны қолдауға және дамытуға бағытталған әлеуметтік құрылымның маңызды элементіне айналдырады. Мұндай мамандар сондай-ақ білім беруде қиындықтарға немесе әлеуметтік мәселелерге тап болған отбасылармен белсенді байланыс ұстайды. Олардың рөлі кеңес беру ғана емес, сонымен бірге мәселелерді бірлесіп шешуге бағытталған серіктестік құру.

Әлеуметтік педагог жұмысының маңызды элементі – ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істеу. Бұл оқыту әдістерін кәсіби білуді ғана емес, сонымен қатар толеранттылық сезімін, эмпатияны және әрбір адамға жеке көзқарасты талап етеді. Осылайша әлеуметтік педагог тек қызмет көрсететін маман ғана емес, сондай-ақ жеке тұлғаны дамыту жолындағы нағыз төлімгер және сүйемелдеуші. Оның жұмысы қамқорлық, ілтипатпен және өркімнің өз әлеуетін ашуға және қоғамдас-тыққа қатысуға мүмкіндігі бар қоғам құруға деген ұмтылысқа толы.

Бақыт ӘРИНОВА,
п.ғ.к., доцент

Акерке ТАҒАТАРОВА,
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1-курс магистранты

Ученый, учитель, наставник

31 мая исполнилось 85 лет замечательному педагогу, заслуженному работнику высшей школы, профессору Гульжанет Жансултановне Валихановой. Профессор Валиханова Г.Ж. выпускница факультета КазГУ им. С.М.Кирова 1961 года.



Закончив аспирантуру кафедры физиологии и биохимии растений Ленинградского государственного университета им. А.А.Жданова и защитив кандидатскую диссертацию в 1966 году, она продолжила научную деятельность в лаборатории биохимии Института ботаники под руководством член-корр. АН КазССР Л.К.Клышева. Гульжанет Жансултановна более 40 лет преподавала на кафедре физиологии и биохимии растений биологического факультета КазГУ, начиная с должности старшего преподавателя (1971-1981 гг.), а затем доцента кафедры (1981-1998). В 1989-1990 гг. Г.Ж.Валиханова заведовала кафедрой физиологии и биохимии растений КазГУ. В 1998 году, получив академическое звание профессора, продолжала преподавательскую и учебно-методическую деятельность на кафедре биотехнологии КазНУ им. Аль-Фараби.

Гульжанет Жансултановна Валиханова родилась в 1939 году в городе Ташкенте. Почти вся ее жизнь связана с Казахским государственным университетом им. С.М.Кирова (ныне КазНУ им. Аль-Фараби). С 1956-1961 годы она училась на биологическом факультете, на кафедре физиологии и биохимии растений. После окончания КазГУ в 1961 году по направлению Ученого совета факультета Г.Ж.Валиханова поступила в аспирантуру Ленинградский госуниверситет им. А.А.Жданова на кафедру физиологии и биохимии растений. С января 1966 года она начала работать младшим научным сотрудником в лаборатории биохимии Института ботаники АН КазССР. Начиная с 1971 года Гульжанет Жансултановна работала старшим преподавателем, а затем доцентом в КазГУ. Бывшие учителя стали её коллегами, которые помогали дружеским советом и поддержкой.

Г.Ж.Валиханова многие годы читала общий курс «Физиология растений», целый ряд физиологических спецкурсов, руководила дипломными работами и магистерскими диссертациями. С 1982 года начала читать спецкурс «Культура клеток и биотехнология растений» и впер-

вые проводить практикум по своей программе, поскольку в других вузах СССР такой спецкурс тогда не преподавался. Со временем он перерос в общий курс «Биотехнология растений» и ею был написан оригинальный учебник «Биотехнология растений». Победив в конкурсе учебников и учебно-методической литературы, проведенном Фондом «Сорос-Казахстан» в 1995 году, он был издан на средства фонда тиражом 1000 экз. и в качестве учебного гранта разослан в ВУЗы РК. Аналогичный учебник на казахском языке был издан в 2001 году в Издательстве «Қазақ университеті» и его второе дополненное издание опубликовано в 2009 году. О высоком качестве и востребованности этих учебников свидетельствует то, что они постоянно переиздаются по заказу университетов страны. Г.Ж.Валиханова успешно совместила научную и методическую работы и внесла существенный вклад в развитие биотехнологии растений – приоритетного направления науки. Ею были внедрены в учебный процесс результаты научной работы, проводимой на кафедре и в учреждениях НЦБ РК, о работах которых она хорошо информирована, оппонировав кандидатские диссертации, а также руководя выполненными на их базе выпускными работами студентов. Г.Ж.Валиханова в течение многих лет являлась членом и председателем Методбюро факультета, активно вела учебно-методическую работу в коллективе, разрабатывая типовые и рабочие учебные планы, типовые учебные программы, рецензируя учебные планы ВУЗов, была первым председателем секции РУМС по биотехнологии.

Г.Ж.Валиханова автор более 90 научных трудов, среди которых, помимо учебников, 4 учебных пособия, русско-казахский словарь терминов по биотехнологии растений, сборник тестовых заданий по физиологии растений, ряд учебно-методических разработок по физиологии и био-

технологии растений, и типовых учебных программ, является соавтором ГОСО для бакалавриата и магистратуры по направлению подготовки биотехнология. Время работы на факультете и кафедре совпало со становлением науки биотехнологии растений в Казахстане, и разработка, организация учебно-методической части преподавания этой дисциплины в стране выпала на ее долю, и является одной из заслуг. Методический вклад Гульжанет Жансултановны в развитие факультета бесценен. Ваше имя навечно вписано в его историю!

В настоящее время Гульжанет Жансултановна находится на заслуженном отдыхе. Несмотря на это, она продолжает работу по дополнению, обновлению и переизданию учебников по просьбе университетов и издательств, а также пишет книги об истории своей великой семьи. Мы благодарны судьбе за то, что учились у Вас и работали с Вами! Вы всегда были и являетесь примером сильной, благородной личности, человека высокой культуры и порядочности! Ваши замечательные качества: высокая эрудиция, трудолюбие, преданность своему делу; интеллигентность и чуткость в общении с людьми; умение уважать коллег; любить своих учеников и быть к ним неравнодушным, и в то же время, быть строгим и требовательным в работе и учебе – снискали Вам заслуженное всеобщее уважение. Благодаря своим высоким личным качествам Вы олицетворяете для нас пример того, каким должен быть настоящий педагог высшей школы, которому общество сможет доверить образование и воспитание молодежи! Разрешите, выразить Вам глубокое уважение, как к Педагогу «с большой буквы» и просто замечательному, удивительно обаятельному человеку, излучающему много добра и положительной энергии!

Коллектив кафедры биотехнологии и ученики

Профильная школа КазНУ им. Аль-Фараби существует более десяти лет, и за это время не только смогла утвердить свое место в традиционном облике университета, но и создать свои уникальные традиции, успешно адаптируясь к современным вызовам, неукоснительно справляясь с возложенными на нее задачами. Здесь каждый ученик имеет возможность раскрыть свой потенциал, выбрать свой путь и освоить область знаний, которая его привлекает. Олимпиады, конференции, научные конкурсы – все это лишь часть богатой образовательной палитры, которая помогает школьникам развиваться и расти. Несмотря на то, что наша школа ещё очень молода, хроника её событий пишется сегодня, и пишут ее наши ученики и их наставники-учителя.

Слово об учителе



Учитель в жизни каждого – человек особенный. Он, как первая любовь, не забывается. Нередко авторитет учителя во многом определяет судьбу ученика, формирует его выбор. К этому хочется добавить, что учитель определяет и «лицо» школы, в которой работает. Учитель... Как скромно в последнее время звучит это слово. Учитель... Как сильно звучит это слово. Учитель – это тот, кто сможет трудные вещи сделать лёгкими. Тот, кто научит находить истину. Тот, кто укажет верную дорогу. Учитель... Как гордо произносим мы это слово, вспоминая своих школьных наставников: «Это мой учитель!»

Об одном таком учителе нашей школы я и хочу рассказать. Каупенбаева Роза Басаргабызовна... Старший преподаватель, кандидат биологических наук, учитель высшей категории профильной школы КазНУ. Пятьдесят лет, это много или мало? Для одних – всего лишь мгновение и уверенность в том, что все лучшее еще впереди, для других – это целая жизнь, полная событий и впечатлений. В 1967 году Роза, юная выпускница школы, переступила порог КазГУ им. С.М.Кирова. Она поступила на биологический факультет. И с тех пор она стала неотъемлемой частью этого мира образования. Успешно окончив ВУЗ в 1972 году, была оставлена на кафедре старшим лаборантом, где и начала свою трудовую деятельность и научную работу.

По семейным обстоятельствам ей пришлось некоторое время поработать в школах Алма-Атинской области учителем биологии и химии, завучем и директором средней школы

Нарынкол, затем инспектором РайОНО. Все эти годы она жила школой, все мысли и чувства были обращены к детям. Так самоотверженно и преданно исполнять свой долг, быть Учителем и Директором с большой буквы, подавая пример коллегам и воспитывая в своих учениках самые лучшие качества, может человек увлеченный любимым делом, любящий свою профессию и способный понимать и уважать детей, какой и является Роза Басаргабызовна.

Вернувшись на родную кафедру гистологии и цитологии биологического факультета КазНУ Каупенбаева Р.Б. продолжила свою научную работу. Успешно защитила кандидатскую диссертацию. Больше полвека ходить на учёбу, на работу проторенной дорогой! Сколько учеников за это время выпустила Роза Басаргабызовна в большую жизнь, наверное, сложно подсчитать. Но она их всех помнит. А они помнят её.

Каупенбаева Р.Б. не только профессионал своего дела, но и невероятно разносторонняя личность. С ней можно с большим интересом поговорить о литературе, музыке, живописи, на многие вопросы у неё свой взгляд. Она является примером активной жизненной позиции и для коллег, и для учащихся. Протакких учителей, как Роза Басаргабызовна, говорят: «Своей энергией зажигает сердца...», она постоянно занимается наукой, пишет научные статьи, руководит научными работами учащихся нашей школы. Во всём чувствуется её ответственное отношение, желание достичь идеала, совершенства.

Можно ли дать чёткое, краткое определение педагогического успеха? Это свидетельство о высшем образовании? Дипломы и благодарности, вручаемые за «профессиональный подход», «высокий уровень», «достижения и талант педагога?» Министерская грамота? Всё это есть. Но ее учительский успех, прежде всего, виден в глазах учеников, когда в них вспыхивает желание узнать с ее помощью что-то новое, заполняющее ум, сердце и душу.

Каламкас КАДЫРОВА,
учитель русского языка
и литературы профильной
школы КазНУ

ТДМ-17: Жастардың рөлі қандай?

ҚазҰУ-да Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні аясында «Жаңа Жібек жолы – 2024» БҰҰ моделі тақырыбында «Жастардың ТДМ-17-ні іске асырудағы рөлі» атты халықаралық жастар конференциясы өтті. Іс-шара ҚазҰУ-дың 90 жылдығына және БҰҰ-ның тұрақтылық жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хаб мәртебесін алуының 10 жылдығына арналды.



ғылыми зерттеулер, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық арқылы тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша жұмыс атқарады.

Бұл алаң студенттерді халықаралық дипломатия бойынша білім беруге және жаһандық проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған. Конференцияға қатысушылар БҰҰ күн тәртібіндегі Тұрақты дамудың 17 мақсаты аясында климаттық өзгеріс,

гендерлік теңдік сияқты өзекті тақырыптарды қарастырды. Үш комитет аясында жас көшбасшылар адам құқықтары бойынша білім берудің маңызы және теңсіздікті азайту, климаттың өзгеруі жағдайында Орталық Азия экономикасының тұрақтылығын арттыру, мәдени мұраны сақтау және әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейту мәселелерін талқылады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Дүниежүзілік экологтер күніне орай, география және табиғатты пайдалану факультеті «Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының 1-курс студенттері Көлсай көлдеріне барып, тазалық жұмыстарын жүргізіп қайтты.

Көлсай көлдеріндегі сенбілік



оны аялауға және қорғауға, таудағы қоғамдық тазалықты сақтауға үйрету басты мақсатымыз болатын.

Тау – шабыт көзі, күш-қуат орны және жай ғана ерекше сұлулық мекені. Алайда осы сұлулықты болашақ ұрпаққа сақтау үшін әркімнің қамқорлығы мен жауапкершілігі қажет. Сондықтан тауда сенбілік ұйымдастыру – тек қоқыс жинау емес, экологиялық тепе-теңдікті сақтау және табиғатқа деген жауапкершілік сезімін нығайту жолындағы маңызды қадам.

Сенбілік жұмысын тауда ұйымдастырудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, тау көбіне қоқыс қалдыратын туристердің немқұрайдылығынан зардап шегеді. Сенбілік қоқысты шығаруға, сөйтіп, тауды тазалауға ықпал етеді. Екіншіден, бұл

экологиялық тәрбие, яғни сенбілікке қатысу адамға табиғатты қорғау маңызын түсінуге және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік береді. Бұған қоса, тауда сенбілік ұйымдастырудың тағы бір себебі – топ құру. Ол студенттік топ, әріптестер немесе отбасы үшін бірге уақыт өткізуге, команда болып жұмыс істеуге және ортақ мақсат сезімін сезінуге тамаша мүмкіндік. Сонымен қатар жаңа әсер алып қайтады. Таудағы қоғамдық жұмыс күні – бұл пайдалы нәрсе ғана емес, сондай-ақ әдемілікті тамашалауға, таза ауамен тыныс алуға және жағымды эмоция қуатын алуға тамаша мүмкіндік.

Ақтоты БЕКЖАНОВА,
Картография және геоинформатика кафедрасының оқытушысы

Алматы – Алатаудың ақ төсінде орын төпкен құтты мекен. Сол құты тасыған мекеннің ғажабы мен кереметі, мыңжылдық тарихы бар әсем қала тамаша табиғатымен кез келген жас өренді өзіне ғашық етеді. Мен де сұлулығына көз тоймайтын сол әсем қалаға ғашық жанның бірімін. Ондағы бірінен-бірі өтетін жоғары оқу орындары жастарды қол бұлғап шақырып тұрғандай...

Арманым – ҚазҰУ-ға оқуға түсу



Әдетте талапкерлер оқу орнын таңдағанда әуелі университеттерді қарап, кейін орналасқан қаласын зерттей бастайды. Ал мен әуелі қаланы таңдадым. Жасыл желекке оранған Алматы мені бұрыннан өзіне тартатын. Сөйтіп, таңдап отырған мамандығым сай, осы қаладағы үздік жоғары оқу орындарын қарап шықтым. Мен таңдаған мамандық – журналистика саласы. Менде оқу орындары бойынша бірнеше нұсқа болды. Алдымен зерттедім, содан кейін салыстырып сараладым. Менің арманымдағы жоғары оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Университеттің жұмыс істеп келе жатқанына бір ғасырға жуық уақыт болды. Тиісінше оқытудың сан қырлы әдісі мен тұрақтылық сезіледі. Бұл университет мені өзінің көптеген ерекшелігімен таңғалдырды. ҚазҰУ-ға оқуға түсу менің үлкен арманымна айналды. Ең әуелі мені университеттің білім сапасы мен әлемдік рейтинг бойынша үздік нәтижесі қызықтырды. Әлемдік рейтингте көрсеткіші едәуір артқан. 2012 жылы әлемдік үздік 390-шы университет атанса, 2024 жылғы рейтингте 163-орынға көтерілді. Бұл мақтауға өбден лайықты.

Екінші, мені университеттің орналасқан жері мен оқыту нысаны қызықтыра түсті. Қаланың дәл ортасында жайлы жерде орналасқан ҚазҰУ тұтас қалашық екен. Оның айналасында білімгерге керектінің бәрі бар. Кітапхана, жатақхана, оқыту ғимараттары, зәулім ректо-

рат, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, дүкен және т.б. Мұның бәрі студенттің тығыз уақытын үнемдеуге қолайлы.

Үшінші, мені университет қабырғасынан шығатын «QAZAQ UNIVERSITY» газеті тартты. Әр апта сайын жаңа нөмірі басылып шығады. Оны мен сайттан оқып тұрамын. Өзім журналистика саласын таңдап жатқан соң, бұл басылым маған жақын. Мақала жазу, қызық ақпараттармен бөлісу – менің сүйікті ісім. ҚазҰУ-ға оқуға түссем, осы газетке мақала жазатыныма сенімдімін.

Әрине, мамандықтың жаманы жоқ, дегенмен мен таңдаған мамандық сан қырлы, өзіңдік дара қырлары өте көп. Мен жаңалықтың жаршысы болып, өзімнің болашақ мамандығымна сәйкес, қандай қиындық болса да төтеп беріп, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, жаңа Қазақстанның құрылуына септігін тигізетін маман болғым келеді. Білімділік пен біліктілік жолында маған мен таңдаған университеттің берері мол. Атақты Зейнолла Қабдолов, Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Қадыр Мырза Әлі, Дулат Исабеков сынды елдің бетке тұтар азаматтары білім алған қара шаңыраққа оқуға түсіп, білім алу мен үшін бір ғанибет. Бұйырса, студенттер қатарына қосылып, тіршілігі қайнап жатқан қазанға түсу менің арманымна айналды.

Қарақат СЕЙТЕН,
Жуантөбе орта мектебінің түлегі
Созақ ауданы Түркістан облысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.